

2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының

т а л д а у ы

2022-2023 оқу жылында мектепте 27 класс- комплектісі, яғни 10 бастауыш, 11 орта буын, 6 жоғары кластары бар. Барлық кластарға класс жетекшілер бекітілген.

Тәрбие жұмыстары төмендегі құжаттар мен бағдарламалар негізінде жасалынды:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуы мен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізілді:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-дамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Оқу жылында тәрбие жұмысының мәртебесін көтеру үшін мынандай мақсаттар мен міндеттер қойылды:

- Жалпы адамдық құндылықтар, Қазақстандық патриотизммен азаматтық негізінде балалардың жеке сапасын қалыптастыру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау, баланы қоршаған қолайсыз жағдайлардан қорғау;
- Халық педагогикасын жүйелі енгізу;

- Ата-аналармен тығыз байланыста болып, оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу;
- Оқушыларды мәдениеттілікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу;
- Классағы өзін-өзі басқару және класс ішілік тәрбие жұмысын дамыту;
- Құқықтық білімді насихаттау;
- Балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі басқару жүйесін дамыту;
- «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты арнайы жобасы арқылы оқушылардың санасына басқа да – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын қалыптастыру. Қазақстанның қасиетті жерлеріне туристік – өлкетану саяхатын ұйымдастыру.
- Білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;
- Экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын дамыту;
- «Әділет» дебат клубы жобасын жүргізу;
- Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» жобасымен жұмыс жүргізу;
- «Отбасы және мектеп» жобасы
- «Дәстүр мен ғұрып» жобасы
- «Театр сабақтары» жобасы

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқаны сандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады:

- 1) Жаңақазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- 2) Рухани-танымды тәрбие.
- 3) Ұлттық тәрбие.
- 4) Отбасылық тәрбие.
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- 8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Мектепте тәрбие «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын негізге ала отырып құрылған бағдарламасы бойынша беріледі: патриоттық, ақыл-ой, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық, экологиялық, СӨС насихаттау бағыттарында.

Мектепте тәрбие жұмысының жүйесін құру және дамыту мақсатында оқушылардың әлеуметтік жағдайы, отбасы туралы және оқушылардың тәрбие деңгейі анықталды, оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі құрылды.

Мазмұны: класс жетекшілер бірлестігінің, кітапхана, педагогикалық – психологиялық, меди-циналық қызметкерлерінің, эстетикалық, спорттық-көпшілік бағыттағы үйірмелердің ата-аналар комитеті, мұғалім мен оқушылардың шығармашылық топтары жұмыстарын жүргізу мақсатында мынадай Кеңестер құрылып, жұмыс жасады:

- Класс жетекшілер бірлестігі;
- Тәртіп бұзушылық және оның алдын алу Кеңесі (төрағасы мектеп директоры);
- «Адал Ұрпақ» клубы (жет: А.А.Абдулова);
- «Балдырған», «Ұлан» балалар ұйымдары (жет: А.К.Измагамбетова – тәлімгер);
- Оқушылар Кеңесі (Ұланбасы: М.Туремуратова);
- «Мейірім» орталығы (жет: Г.С.Умирбаева - әлеуметтанушы);
- «Қызғалдақ» қыздар клубы (жетекшісі: А.Жалғасова);
- «Жас сарбаз» клубы (жетекшісі: Н.Саркытбаев)
- «Тәртіп сақшылары» тобы
- Ата-аналар кеңесі
- Әкелер мектебі
- Қорқоршылық кеңес
- Наркобекет

Сынып жетекшілермен ұйымдастырылған жұмыстардың мақсаты мен міндеттері:

- озық тәжірибені практика жүзінде іске асыру;
 - класс жетекшілер ұжымын біріктіру, кемшіліктердің алдын алу;
 - шығармашылыққа ынталандыру;
 - жас сынып жетекшілердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру
- сынып жетекшілермен ұйымдастырылған жұмыстардың мақсаты мен міндеттері:
- озық тәжірибені практика жүзіне асыру;
 - сынып жетекшілер ұжымын біріктіру, кемшіліктердің алдын алу;
 - шығармашылыққа ынталандыру;
 - жас сынып жетекшілердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі шаралар директор жанындағы кеңесте, педагогикалық кеңесте қаралады.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Тәрбие ісін тартымды, ұтымды ұйымдастыру арқылы бірізділікпен үздіксіз жетілдіру, өздерін қатыстыра отырып тәрбие беру, жасөспірімді заман талабына сай қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының бағдарламасы жұмыс жоспарында Қазақстан Республикасының барлық мереке күндері, сонымен қатар Дүниежүзілік, Халықаралық мереке күндері белгіленген (СПИД-пен күрес күні, жанұялар күні т.б.)

2022-2023 оқу жылы тәрбие жұмысы **«ШАҢЫРАҚ»** жобасы негізінде ұйымдастырылып, «Алаш», «Бәйтерек», «Бірлік», «Өркен» оқушылар қауымдастығы 8 бағыт бойынша, жаңа жобалар негізінде жұмыс жасады. **Оқушылар қауымдастығының артықшылықтары:**

- әр жастағы оқушылардың өзара ынтымақтастығы;
- жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларына қамқорлық танытуы өзара әріптестік мәдениетін қалыптастырады, көшбасшылық қабілеттерін дамытады;
- сабаққа дайындық барысында және сабақтан тыс уақытты ұйымдастыруда бір – біріне көмек көрсетеді;
- біртұтас команда, корпоративті рух қалыптасады;

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

2022 жылдың 5 қыркүйек күні Кітапхананың жұмыс жоспарына сәйкес А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына **«Ұлт ұстазы»** атты Байтұрсыновтың оқулары ұйымдастырылды. 3«а» класс оқушылары Рыстанбек Н., Кирминбаева Н., Асылбек Н

А.Байтұрсыновтың шығармаларын мәнерлеп жатқа оқыды. Видеороликтер жасалып, инстаграм желісіне салынды.

15 қыркүйек күні 1 класс оқушыларымен кітапханаға саяхат жасалды. Оқушыларға балалар әдебиеті таныстырылып, қазақ халқының ертегілеріне шолу жасалды.

Мақсаты: жаңа оқу жылында алғаш мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызды кітапханамен таныстырып, кітапқа деген қызығушылықтарын ояту, кітап оқуға шақыру
19-22 қыркүйек күндері Мемлекеттік бағдарлама аясында оқушылардың оқулықпен тегін қамтылып, бүгінгі таңда кітаптардың түгел қолданыста пайдаланылуын бақылау мақсатында **«Мен қандай оқушымын, ол туралы менің кітабым айтады»** тақырыбында жоспарлы жұмыс бойынша кітапхана қызметкері Ж.А.Атаева, Қамқоршылық кеңес құрамы және мектеп парламент мүшелері бақылау қадағалау жұмыстарын жүргізді.

2022 жылдың 3 қазан күні «КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ» тақырыбында жаңа әдеби кітаптармен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Кітапхананың жұмыс жоспарына сәйкес жоғары класс оқушыларына кітапханадағы жаңа әдеби кітаптармен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға көркем әдебиеттер таныстырылып, біршама шолу жасалды.

Мақсаты: Оқушыларымыздың кітапқа деген қызығушылықтарын ояту, кітап оқуға шақыру.

2022 жылдың 19 қазан күні Тәрбие бөлімінің жоспарына сәйкес кітапханада 25-қазан Республика күніне орай **«ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМНІҢ ЕРКІН ЖОЛЫ»** атты кітап көрмесі өтті. Оқушылар көрмемен танысып, өз ойларын ортаға салды. Кітап оқуға деген қызығушылықтарын байқатты.

2022 жылдың 20 қазан күні Тәрбие бөлімінің жоспарына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 25-қазан Республика күніне арналған жоспар негізінде **«ҚЫРАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАНЫМ»** атты 6-10 кластар арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Оқушыларымыз белсене атсалысты. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының баспасөз хатшысы Сандыбай Марал Жалғасқызы қатысып, қазылық етті.

Қорытынды бойынша

1 орын Байбатша Бибінұр;

2 орын Хамит Нұрай;

3 орын Исмагулова Әсем.

Сайысқа қатысушылар дипломдармен марапатталды.

2022 жылдың 24 қазан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2022-2023 оқу жылына арналған кітапхананың жұмыс жоспары бойынша 1-11 кластар аралығында **«ҮЗІЛІСТЕ КІТАП ОҚЫ»** тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Оқушылар үзіліс уақытын кітап оқуға арнады. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

2022 жылдың 21 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2022-2023 оқу жылына арналған кітапхананың жұмыс жоспары бойынша **«ЕРТЕГІЛЕР БІЗДЕ ҚОНАҚТА»** атты 1 «а» класс оқушыларына ертегі оқып берілді. 1-3 сынып оқушылары қатыстырылды.

Мақсаты: оқушылардың рухани құндылықтарын арттыру, оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітап оқуды қолдау мен беделін арттыру.

2022 жылдың 15 желтоқсан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасының С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен бірлескен жұмыс жоспары

негізінде мектеп кітапханасында 2022 жылдың 15 желтоқсан күні жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері, «Бибі-Ана» қайырымдылық қорының президенті Бибігүл Имангазинаның туғанына 80 жыл толуына арналған **«ҚАЙЫРЫМДЫ КЕЙУАНА»** тақырыбындағы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге 4-9 кластар қатыстырылды. Оқушылар Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бибігүл Имангазинаның өлеңдерімен, «Тауқымет» романымен танысты.

2023 жылдың 31 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасының С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен бірлескен жұмыс жоспары негізінде 2023 жылдың 27 қаңтары күні қазақтың бес арысының бірі, халқымыздың от жалынды, зор талантты ақыны Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай **«МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫ – МӘНГІЛІК МҰРА»** тақырыбындағы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге 7-11 кластар қатыстырылды. Оқушылар қазақтың бес арысының бірі **Мағжан Жұмабаевтың** өлеңдерімен танысты.

2023 жылдың 9 ақпан күні «Мұқағали-Мәңгілік жыр» атты кітап көрмесі өткізілді. Көрменің мақсаты: ақынның өмірімен, поэзиялық шығармашылығымен таныстыру. 5-11 сыныптар қатыстырылды.

2023 жылдың ақпан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхананың жұмыс жоспары бойынша 1-11 кластар аралығында **«ҮЗІЛСТЕ КІТАП ОҚЫ»** тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Оқушылар үзіліс уақытын кітапханаға келіп рухани азық алуға арнады. 1-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

✓ **2023 жылдың 14 ақпан күні** – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай : **«Бір отбасы- бір кітап»** акциясы өткізілді. Акцияға мектеп директоры, ұстаздар және оқушылар белсенді қатысты.

2012 жылдан бастап Эмми Бродмурдың бастамасымен халықаралық кітап сыйлау мерекесі тойланып келеді. Эмми Бродмур – әлеуметтік желіні белсенді блогері. Бір ұлы Эммиге дәл осы күні «Неге адамдар бір-біріне ешқандай себепсіз кітап сыйлайтын күн жоқ?» деген сауал қояды. Ешқандай жауап таба алмаған Эмми осы күнді кітап сыйлау күні деп белгілеп, әлеуметтік желі арқылы мерекенің танымалдылығын арттырған.

✓ **2023 жылдың 23 ақпан күні** «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Ұлы халықтың – ұлы Абайы»** атты еркін форматтағы **«Поэзия Party»** өткізілді.

Мақсаты: Абай өнерін насихаттау, қара сөздері мен өлең және әндерін нақышына келтіріп мәнерлеп оқу.

Шара барысында өлең оқылып, мақалды тап ойыны өткізілді. Нәтижесінде 8»а» сыныбы Төрехан Наз-І орын, 8»б» Төлеубаев Нұрислам – II орын, қатысушылар алғыс хатпен марапатталды. 6-8 сынып оқушылары қатыстырылды.

2023 жылдың 1 наурыз күні Алғыс айту күніне орай **«Мен алғыс айтамын Саған!...»** тақырыбында ерекше көңіл-күй сыйлау жұмыстары жүргізілді. 2-5 сынып оқушылары белсене қатысты. Ұстаздарға, ата-аналарына деген алғысын, ыстық лебіздерін білдірді.

Мақсаты: Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

2023 жылдың 6 наурыз күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2022-2023 оқу жылына арналған кітапхананың жұмыс жоспары бойынша **Халықаралық әйелдер күніне «Әйел – ана, Әйел- ұстаз!»** атты құттықтау челленджі өткізілді. Мақсаты: Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Челленджге 8-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

2023 жылдың 14 наурыз күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Т.Ахтановтың туғанына 100 жыл толуына орай **«Рухы биік жазушы»** танымдық кеші өткізілді. Кешке 7а, 7ә, 7б сынып оқушылары қатыстырылды.

Шараның мақсаты: Қазақтың көрнекті жазушысы Тахауи Ахтановтың өмірі мен шығармашылық қызметін оқырмандар арасында кеңінен насихаттау, шығармаларын оқыту, оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

2023 жылдың 16 наурыз күні «Қош келдің, Әз Наурыз!» атты мәдени шара өткізілді.

Ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы - Наурыз мейрамы. Наурыз мейрамына мектеп кітапханасында «Қош келдің, әз Наурыз!» мерекелік көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қатысушыларға кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалып, мерекелік дастарқаннан дәм татуға шақырылды. “Мен неден жаратылғанмын” тренингі және мақалды тап ойыны өткізілді. Шараға 8-9 класс оқушылары, мұғалімдері қатысты.

2023 жылдың наурыз- сәуір айларында «Оқы да, басқаға қалдыр» атты буккросинг өткізілді.

«Буккросингтің» басты мақсаты ол – үйімізде шаң тозаң болып жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау»; оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу; әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру. Буккросингке 3-4 сынып оқушылары қатыстырылды.

2023 жылдың 10 сәуір күні “Оқуға құштар мектеп” аясында ғарышкерлер күніне орай мектеп кітапханасында **“Ғарыш - келешектің кемелді жолы “** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: 1. Жас ұрпақтың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін, сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу, ғарышкерлерге деген құрмет сезімге баулу. 2. Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Ғылыми жаңалықтардың маңызын түсіне білу қабілеттерін дамыту. Библиографиялық шолуға мектеп алды даярлық тобы жетекшісі Бисенбай қызы Назерке, 5 “а” сынып оқушылары қатысты. Алғашқы ғарышкер Ю. Гагарин, отандастар ғарышкерлер Т. Әубәкіров, Т. Мусабаев, А. Айымбетов туралы мәлімет берілді. Оқушыларларға ойындар, ребустар ұсынылды.

2023 жылдың 11 сәуір күні қоғам қайраткері Халел Досмұхамедовтың туғанына 140 жыл **«Тұғыры биік тұлға»** тарихи-таңымдық сағат өткізілді. Шара барысында кітап көрмесі ұйымдастырылып, ғалымның өмірдерегін сипаттаған слайд және «Х. Досмұхамедұлы-ұлт мақтанышы» атты деректі фильм көрсетілді.

2023 жылдың 23 сәуір күні “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау күніне кітапханамызда тұрақты оқырмандардың арасында фотосессия ұйымдастырылды. Фотосессияға 4-8 сынып оқушылары белсенді қатысты.

2023 жылдың 4 мамыр күні “9 мамыр - Ұлы Жеңіс” күніне арналған мектепшілік **“Ерен ерліктері есімізде”** 4-6 сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларды ерлікке өз Отанын сүйуге, еліміздің соғысқа аттанған ерлерін мақтан тұтуға, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Оқушылардың өлеңге деген ынтасын, көркем сөз оқу шеберлігін арттыру.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде 4“а” кл Дауылбай М, 1 орын - 6“а” Амантай Г, 2 орын -

5 “ә” Абдуллина Б, 3 орын - 4“ә” кл Наужаубай А. Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

«Отбасы және мектеп» жобасы

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес **«Аналар»** және **«Әкелер»** мектебі құрылды.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында отбасы мен балаларды қолдау- мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде белгіледі. 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні деп аталған болатын. Аталған күннің маңыздылығын ескеріп, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Отбасы күнін мерекелеу іс – шарасының жоспары негізінде 2022-2023 оқу жылы 05-09 қыркүйек аралығында Отбасы күніне «Отбасы құндылықтары-сарқылмас қазына» тақырыбында апталықтың жоспары құрылды. «Мен және менің отбасым» 4 сынып оқушылары және ата –аналарының қатысуымен көңілді мәре, 2-3 сынып оқушыларымен «Менің бақытты отбасым» ата-аналардың қатысуымен флешмоб, 1-11 сыныптары аралығында «Отбасы құндылықтары-сарқылмас қазына» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 15 мамыр халықаралық отбасы күніне «әкем, Анам және мен» спорттық эстафеталық ойындар өткізілді.

«Отбасылық құндылықтар» және «Ата – анаға қоңырау шал» челленджері ұйымдастырылды. Мақсаты оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шындай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

Қыркүйек айында мектепке алғаш қабылданған 1-класс оқушыларының ата-аналарымен **«1,5 класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі»** тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың мақсаты 1-класқа қабылданған оқушыларға мектепке бейімделуі кезінде ата-ана тарапынан қандай қолдау көрсете аламыз төңірегінде психологиялық кеңестер мен ұсыныстар берілді.

Ата-аналарға балалардың әлеуметтік желідегі сауаттылығын арттыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және өз өміріне қауіп төндіретін ойындар мен бейтаныс адамдармен сөйлесуден сақтандыру ережелерін таныстыру мақсатында whatsapp желісі арқылы «Қауіпсіз интернет» Тақырыбында кеңестер берілді.

«Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастықты қалыптастыру» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Толық адам» жобасы аясында «Баянды өмір сүрудегі Абай ілімінің маңыздылығы» сынып аралық ата –аналар жиналысы өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Әкелер» және «Аналар» мектебінің жоспары бойынша «Құқық бұзушылықтың алдын алу ата –аналар жауапкершілігінде...» тақырыбында 7-11 сынып оқушылары арасында ата –аналар тарапынан профилактикалық кеңестер жүргізіліп, ер балалар жиналысы өткізілді.

«Отбасындағы бала тәрбиесі қоғамның мақсат міндеттерімен байланысты болу керек» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында психолог маман жас жеткіншек шақта кездесетін келеңсіздіктер төңірегінде әңгіме қозғалды. Мұнда қазіргі қоғамда кездесіп жатырған қауіп, яғни бала өзіне сырт адамды жақын тарту, отбасы мүшелерінен алшақтау, шет елдің азаматтарына еліктеу, әлеуметтік желіде өзін еркін өзгеге көрсету сынды жағдаяттардың себептері мен салдарларымен бөлісті.

«Әкелер мектебі» - қазан айында «Әкелер» мектебінің отырысы өткізіліп, отырыста әкелермен бірлескен жұмыс жоспары талқыланып, бала тәрбиесіндегі өзекті

сұрақ ортаға салынып талқыланды. 25 қазан Республика күніне арналған «Қыран елім-Қазақстаным» апталығының жұмыс жоспары аясында «Әкелер» мектебінің ұйымдастыруымен «Менің әкем...» атты әкелер арасында шахмат сайысы өткізілді. «Әкелер» мектебі №37 орта мектебі әкелері арасында «Ағаш қалдықтарынан түрлі бұйымдар жасау» шеберханасын ұйымдастырды. Қараша айында «Әкелер» мектебінің жоспары бойынша «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары әкелелерімен психологиялық сағат өткізілді. 6-11 сыныптар арасында «Әкелер» мектебінің бастамасымен «Баланың бас ұстазы ата-анасы» тақырыбында әкелердің жоспарымен тәрбие сағаттары өткізілді.

«Аналар» мектебі қазан айында «Ана- адамзат баласының рухани байлығы» тақырыбында дөңгелек үстелі өткізілді. Мақсаты: Жпаңа әлеуметтік дамуғадайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ғылымның барлық бағыттарында интеллектуалды қабілеттері дамыған, жан сұлулығы мен тән сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінген қыз баланың тұлғасын қалыптастыру. Дөңгелек үстел қонағы алтын алқа иегері, ұлағатты ұстаз төс белгісінің иегері және ҚР Ең үздік әйелі орденінің иегері, « Анаға тағзым» орталығының медиаторы Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызы шақырылды. «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі аясында «Бақытты- ана, бақытты- бала, бақытты- ел» тақырыбында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру іс-шараларын хабардар ету мақсатында ата-аналар ұйымының мүшелерімен кездесу өткізілді. «Аналар» мектебінің мүшесі Жумалина Гүлназ Дүйсенқызының ұйымдастыруымен ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қазақ қыздарының ұлттық бас киімі тақия тігу» шебер класы өткізілді.

1-5 сыныптар арасында «Аналар» мектебінің бастамасымен «Ел боламын десең -бесігінді түзе» тақырыбында ата-аналар жоспарымен тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатында қамтылған басты тақырыптар: Жалпы бала тәрбиесі, ұлттық тәрбие, зиянды әдеттердің алдын алу, қыз, ұл тәрбиесі. Әбу Насыр Әл-Фараби: Адамға ең бірінші білім емес тәрбие керек. «Тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың «Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие» семинар практикум аясында «Аналар» мектебі тәрбие сағаттарын және шебер класс сағаттарын өткізді.

«Отбасындағы бала тәрбиесі қоғамның мақсат міндеттерімен байланысты болу керек» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында психолог маман жас жеткіншек шақта кездесетін келеңсіздіктер төңірегінде әңгіме қозғалды. Мұнда қазіргі қоғамда кездесіп жатырған қауіп, яғни бала өзіне сырт адамды жақын тарту, отбасы мүшелерінен алшақтау, шет елдің азаматтарына еліктеу, әлеуметтік желіде өзін еркін өзгеге көрсету сынды жағдаяттардың себептері мен салдарларымен бөлісті.

Ата-ана қауымдастығын мектеп өміріне белсене қатысуға тарту, мектептен және кластан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, оқушылардың тұрақтарында тәрбие жұмыстарын жүргізуге қатыстыру мақсатында ата-аналар комитеті құрылып, жұмыстануда. Ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары – жалпы мектептің ата-аналар жиналысын өткізу, ата-аналар комитетінің жұмыстарын ұйымдастыру, ата-аналарға лекция дайындау, жеке жұмыстар жүргізу. Ата-аналар комитеті мектепшілік ата-аналар жиналысының және ата-аналар лекторийінің жоспарын құрып, сол жоспар негізінде бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі мен міндеттерін, оқушыларға кәсіптік бағдар беру, қоғамдық дамудың қазіргі кезеңіндегі жастардың бойында туындайтын әлеуметтік-психологиялық факторлар, мектептегі салауатты өмір салты, әлемде және республикада діни экстремизм көріністері

және жанұядағы зорлық-зомбылық, балалар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу т.б. мәселелері талқыланды.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Наурыз» мейрамын тойлау тұжырымдамасы негізінде Наурыз мейрамын тойлауға байланысты іс-шараларды 10-24 наурыз аралығында 10 күн бойына өткізуге жоспарланғаны көрсетілген. Наурыз мейрамы тұжырымдамасы бойынша 10 күндік жоспары құрылды.

«Алғыс айту» күні «Ең үздік алғыс айту» тақырыбында бейнеролик түсірілді. «Алғыс – әкеге, Алғыс – анаға, Алғыс – бәріне» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, «Ардагерлерге мың алғыс» мектептің ардагер ұстаздарына алғыс білдірілді. «Алғыс кітабы» ашылып алғыс тілектері жазылды.

14 наурыз Амал мерекесі «Көрісу күні» мейрамы ұлықталды. Көрісу күніне орай М.Курманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясына амал мерекесімен құттықтап көрісуге барып оқушылар өз өнерлерін көрсетіп қонақ кәде жасап, құттықтау тілектерін білдірді.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдама негізінде «Шаттық күні», «Ұлттық спорт күні», «Игі істер күні», «Шебер күні», «Сарқыт күні» күндері өткізілді. Барлық өткізілген іс – шаралар мектептің әлеуметтік желісіне салынды.

«Театр сабақтары» жобасы

2022-2023 оқу жылына №37 орта мектебінде «Балалар және театр» ағартушылық жобасын жүзеге асырудың мақсаты – театрдың көрермен аудиториясын балалар және жастармен кеңейту, оқушылардың жалпы мәдени ортасын кеңейту. «Театр сабақтары» жобасының жұмыс жоспары құрылды. Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театры, «Алақай» қуыршақ театрымен меморандумдық келісім жасалды. Оқу жылында жасақталған оқушылармен жүргізілетін жұмыстар мына мақсаттарға негізделді.

- ✓ Балалардың сана сезімін, жауапкершілігін, сауаттылығын, мәдениеттілігін рухани дүниесін қалыптастыру;
- ✓ Балалар мен жасөспірімдерді көркемдік эстетикалық, шығармашылық, моральдік-этикалық нормаларды қалыптастыру, өнерге баулу;
- ✓ Балаларға автөрлік шеберліктің негіздерін меңгерту, жеке тұлғаның таным талғамын арттыру;
- ✓ Балаға актерлық техниканы меңгерте отырып, шығармашылық көзқарас, ойлау функцияларын қалыптастыру;
- ✓ Сахна мәдениетін өн бойына қалыптастыру, сахна тілін дамыту;
- ✓ Көпшілік ортада өзін этикалық нормаларға сай ұстауға тәрбиелеу;
- ✓ "Балалар және театр" жобасы бойынша оқушыларды өнерге деген құштарлығын арттыру;
- ✓ Дұрыс сөйлеу техникасына икемдеу;
- ✓ Этикет нормаларына баулу және тәрбиелеу;
- ✓ Шығармашылық ой-өрісті қалыптастыру және дамыту.

Атқарылған жұмыстарды атап өтетін болсақ:

-Қыркүйектің 23-і күні 0-4 сынып оқушылары Өнер орталығына «Ұр тоқпақ» қойылымына барды. Мақсаты: Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерге ене білуге үйрету, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту, кейіпкерлердің қимылын жасай білуге тәрбиелеу.

-2-3 қараша күндері 7-9 сынып оқушылары Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрына «Қара пима», «Алғашқы махаббат» қойылымдарын тамашалауға барды.

Барлығы 58 оқушы қатысты. Мақсаты: оқушыларды күзгі демалысын тиімді өткізуге ұйымдастыру.

-25 қараша күні 7а, 7ә, 9а, 9ә сынып арасында «Даланың данагөйі» тақырыбында танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға қазақтың аса айбынды билерінің бірі-қаз дауысты Қазыбек бидің тарихтағы орны мен шешендік сөздерінің шығу тарихын түсіндіру; жан-жақты талдау жұмыстарын ұйымдастыру; Сөз өнерін түсініп, қадірлей білуге, өз білімін бағалай алуға, өзгенің пікірін тыңдап, бағалай білуге, Қазыбек би секілді тарихи тұлғалардың өмірі мен шешендігін терең меңгерту арқылы адамгершілікке, тарихын, әдебиетін құрметтеуге тәрбиелеу. Танымдық сағаты барысында Қаз дауысты Қазыбек бидің өмірі мен шығармашылығынан ақпарат берілді. **«Қазыбек пен Қоңтажы»** шешендік сөзінен үзінді сахналық қойылым қойылды.

-13 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған «ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ» апталығының жоспарына сәйкес «БАТЫР ТУСА ЕЛ БЫРЫСЫ» тақырыбында драмалық қойылымдар байқауы мен қоғамдық пәндер әдістемелік бірлестігінің онкүндік жабылу салтанаты өткізілді. Мақсаты: өлең жолдары, драмалық қойылымдар арқылы қазақ батырларына деген сүйіспеншіліктерін дамыту. Балалардың бойын Отан сүйгіштік сезімге баулып, ел, ұлт намысын қорғаған батырларды сыйлап, құрметтеуге үйрету. Шара барысында «Отырар дастаны», «Абылай хан», «Сабира», «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» қойылымдары көрсетілді. Әр қойылымда оқушылар шеберліктерін көрсетіп, жиналған қауымға үлкен әсер қалдыра білді. Нәтижесінде: қатысушы барлық сыныптар дипломмен марапатталды.

-15 желтоқсан күні «ШАЛҚАН ЕРТЕГІСІ қойылымы көрсетілді. Мақсаты: «Шалқан» ертегісінің сахналау арқылы ой-қиялын дамыту. «Шалқан» ертегісін көрсете отырып, балаларға бір отбасының татулығын, бірліктерін көрсету болды. Ертегі қойылымын 2 сыныптың белсенді оқушылары сахналап, МАД және 1 сынып оқушыларына көркем түрде әсерлі жеткізе білді. Қойылымнан кейін ТЕДДИ аюлары балаларға керемет көңіл-күй сыйлап, түрлі әуенді ойындарымен әр баланың риясыз сүйіспеншілігіне ие болды.

-03 ақпан күні «Өнерге қанат қаққандар» тақырыбында театр актерлерімен кездесу кеші өткізілді. Кездесу-оқушылармен жүргізілген зерттеу нәтижесінде анықталған театрға қызығушылығы бар, театр әртісі болғысы келетін талантты оқушылардың қатысуымен өтті. Кездесу кешінің құрметті қонақтары:

1. Қазақстан Республикасының "Мәдениет саласының үздігі", Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театрының актері Мұратов Нұрат Мұратұлы.
2. Қазақстан Республикасының "Мәдениет саласының үздігі", «Құрмет» орденінің иегері, сахна шебері, Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театр актрисасы Музбаева Майгүл Муханбеткалиевна.
3. Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театрының жас актрисасы Бақытова Гулжайна Нұрболатқызы.

Кездесудің басында білім ордамыздың білімді де, білікті басшысы Назиков Ардақ Сырымұлы сөз алып, келген қонақтар мен оқушыларға сәттілігі мен ыстық лебізін білдірді. Абай атамыз "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз" деп айтып кеткендей, мектебіміздің болашақ актерлері талпынып, барынша ұқсап баққан, Мұқағали Мақатевтың 92 жылдығына орай алынған «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын сахналады. Театр әртістері қойылымға ақыл кеңестері мен ұсыныстарын білдірді. Оқушылар қызықтырған сауалдарына жауабын алған, тәлімі мен тәрбиесі мол, көңілді ойындары да ойналған кездесу болды. Қазақтың салт-дәстүріне сай «ҚОНАҚ КӘДЕ» сұралды. Дәстүрге сай театр сахнасының жұлдыздары өздерінің дайындап келген өнерлерін де көрсетті.

-Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру» туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес «Театр және балалар» жобасы негізінде 07.02.2023 күні сағат 11.30-да Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театрына «Үйшік» халық ертегісі қойылымына 1-4 сынып оқушылары қатыстырылды.

-23 ақпан күні әлеуметтік педагогтың қатысуымен «Театрға билет сыйлаймын» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияда инклюзив, мүгедек тобына жататын оқушылар және олардың аналары қамтылды. Олар: Кусанова Аружан Серікқызы, Аманова Айнара Ақылбекқызы, Байғабыл Рахат Русланұлы, Тыныштық Айат Жаңақбекұлы, Өмірбекұлы Расул.

- «Балалар және театр» үйірмесінің жоспарына сәйкес «Отан үшін от кешкен Әлия» перформанс жанрындағы қойылымына дайындық барысында үйірме оқушылары Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалды музейіне экскурсия жасады. Мұражай қызметкерлері Әлияның ерлігі мен өзге де ардагерлердің өмірбаянынан мағлұматтар береді.

-3 мамыр күні Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 31 жылдығына, Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай Отан үшін от кешкен ару-Әлия туралы перформанс жанрында «Балалар және Театр» үйірмесі қойылым сахналады. Біздің болашағымыз үшін қасық қаны қалғанша күрескен, Батыстың батыр қызы Әлия Молдағұлованың қойылым барысында ерлігін, қайсарлығын, елге деген шексіз махаббатын үйірменің шеберлері көрермен жүрегіне жеткізе білді.

-05 сәуір күні мектебіміздің оқушылары қаламыздағы іргелі рухани орталықтарының бірі Т.Ахтанов атындағы драма театрға экскурсия жасады. Экскурсия барысында театрдың тарихымен, шығармашылық құрамының дайындық жұмыстарымен танысты. Өнер ордасының мұражайымен де танысып, жеткен толағай жетістіктерінің куәсі болды. Өркениетке, дамыған елдердің қатарына ұмтылған еліміз үшін- халықтың ең алдымен рухы биік, мәдениетті болуы, әсіресе өнер арқылы рухани серпіліс тудыратын театр туралы сауатты болғаны аса қажет. Осы экскурсия арқылы оқушылар адамға рухани байлық сыйлайтын театрдың сахна артындағы тыныс-тіршілігімен таныс болды

«Өзін-өзі басқару» жобасы

Өзін-өзі басқару жобасы бойынша мектеп парламенті жұмыс жасайды. Парламент жұмысының мақсаты: Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

2022-2023 оқу жылының алғашқы мектеп парламент отырысы 08.09.2022ж күні өткізіліп, парламент құрамы, президенті 10 «А» сынып оқушысы Туремуратова Мадина тағайындалып, алдағы жұмыс барысы талқыланды. Мектеп парламенті 8 фракция бойынша жұмыстары сараланып, тьюторлары бекітілді.

№	Оқушының аты-жөні	Класс	Қызметі	Тьюторлық қызметтің басшысы
1	Туремуратова Мадина	10а	Мектеп президенті	А.Измаганбетова -аға тәлімгер
2	Тұрғын Береке	10ә	Мәдениет және өнер фракциясы	Ж.Балданова- музыка пәнінің мұғалімі
3	Алмұрат Данияр	10ә		
4	Айтекеева Мерей	9а	Бақыт фракциясы	Г.Мұханғалиева- мектеп психологы
5				
6	Тәңірбай Аңсар	10а	Спорт және слауатты өмір салты фракциясы	А.Қалила-дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
7	Айтуғанов Исламбек	9ә	Құқық және тәртіп фракциясы	А.Амантурлиева-тарих пәнінің мұғалімі
8	Серік Әсет	9а		
9	Жұмабекқызы Сұлу	9ә	Дебат қозғалысының	Б.Асанов-тарих пәнінің мұғалімі

			фракциясы	
10	Базылов Даурен	9ә	Экология және еңбек	А.Тұрлыбай-биология пәнінің
11	Даулеткалиева Алия	9а	фракциясы	мұғалімі А.Балмағамбетов – көркем еңбек пәнінің мұғалімі
12	Әділқос Ағияшым	9ә	Қамқорлық, еріктілік	Г.Умирбаева-әлеуметтік педагог
13	Айдаралиев Данияр	9а	фракциясы	Б.Босал-дене шынықтыру пәні мұғалімі
14	Райханова Диана	10а	Ақпарат және баспа	В.Тлеулина-информатика пәнінің
15	Султан Самал	9а	фракциясы	мұғалімі

08.09.2022ж күні «Спорт және СӨС» фракциясы 2-3 класс оқушылары арасында «Менің бақытты отбасым» тақырыбында флешмоб ұйымдастырды. Сонымен қатар 4 класс ата-аналары мен оқушыларының қатысуымен «Мен және менің отбасым» тақырыбында спорттық эстафета өткізілді.

21.09.2022ж Мектеп парламенті «Таза қалам - Ақтөбем» тақырыбында қала мектептері оқушыларын екі айлық сенбілікке шақыру үгіт-насихат бейнеролигін әзірледі. Қала мектептерінің оқушылары бұл акцияға жаппай қосылып, өз роликтерін дайындады.

22.09.2022ж күні «Тәртіп және құқық» фракциясы мемлекеттік бағдарлама аясында оқушылардық оқулықпен тегін қамтылып, кітаптарының түгел қолданыста пайдаланылуын бақылау мақсатында мектеп кітапханшысы Ж.Атаевамен бірлесе бақылау жұмыстарын жүргізді.

28.09.2022ж күні «Экология және еңбек » фракциясы «Ең жасыл сынып бөлмесі» сыныпаралық байқауын қорытындылады. Нәтижесінде үздік деп танылған сыныптар жетекшілер дәстүрлі жиында марапатталды.

«Тәртіп және құқық» фракциясы оқушылардың мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтауы және мектеп формасын киюін бақылау мақсатында әр апта сайын қадағалау жұмыстарын жүргізді.

«Бақыт» және «Дебат» фракциялары қоңырау кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында 2 класс оқушыларына ертегілер оқып, 4 сынып оқушылары мәжіліс залында «Толағай» ертегісін көрсетті.

«Спорт және СӨС» фракциясы мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып оқушыларына дене шынықтыру сабағында киініп, шешінулеріне көмек көрсетіп, мектепке тезірек бейімделуіне атсалысты.

Ұстаздар күні қарсаңында мектеп парламенті құттықтау жұмыстарын ұйымдастырды. Ұстаздар күніне «Ұстазыңды құттықта» челенджіне бейнеролик әзірленді.

2022 жылдың 10-14 қазан аралығында дәстүрлі «Алтын күз» апталығының жоспары дайындалып, бекітілді.

2022-2023 оқу жылында әр аптаның дүйсенбі күні мемлекеттік Гимн күні болып бекітілді. Осыған орай әр апта сайын дәстүрлі жиын өткізіледі.

«Қамқорлық және еріктілік» фракциясының ұйымдастыруымен 5-6 сынып арасында 13.10.2022ж қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

21.10.2022ж күні Республика күні қарсаңындағы ұйымдастырылған апталық барысында мектеп парламентінің фракция мүшелері үлкен жауапкершілікпен белсенділік танытып, жоспарлы жұмыстардың орындалуына өз үлестерін қосты.

Сондай-ақ, үлкен үзіліс кезінде әр фракция мүшелері түрлі ойындар, қызықты сергіту жаттығуларын, түрлі тапсырмалар өткізуді жыл бойына жүргізіп отырды.

16.11.2022ж күні «Тәртіп және құқық» фракциясы мүшелерімен «Рәміздер – ел беделі» тақырыбында сауалнама жүргізді.

ҚР Тәуелсіздігі күні қарсаңында «Бейбіт елдің ұландары» тақырыбында жыр жолдарын оқу және дәстүрлі жиынды өткізу жұмыстары ұйымдастырылды.

13.12.2022ж мектеп парламент мүшелері «Ер ертеңі – Жас Ұлан» салтанатты жиынына қатысып, үлкен қолдау көрсету жұмыстарында белсенділік танытты.

«Батыр туса – ел ырысы» драмалық қойылымдар және ҚОС ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік тұғырым» байқауына қатысып, жүлделі 3-орын иеленді.

Сонымен қатар, мектеп парламент белсенділері «Жаңа жыл-2023» іс-шараларының өте жоғары деңгейді ұйымдастырылуына және түрлі персонаж рөлдерін сомдап, ертеңгілік кештерін өткізілуіне өз үлестерін қосты.

07.02.2023ж күні «Ауған ақиқаты» ерлік сабағы өткізілді. Сондай-ақ, қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні семинар-практикумында парламент мүшелері М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» қойылымын ерекше сомдап, көрермен жүрегіне жете білді.

12.02.2023ж «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді. 24.02.2023ж күні қалалық «Отбасы құндылығы және ұлттық тәрбие» тақырыбындағы семинарда парламен құрамы жоғары деңгейде отбасылық қойылымдарды қойып шықты.

Алғыс айту күні қарсаңында қала автобустарына және жаяу жүргіншілерге алғыс айту тілекше парақтарын таратып, баянмен әндетіп, ерекше атмосфералық көңіл-күй сыйлады.

«Ақпарат және баспа» фракциясы «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары бойынша, пән мұғалімдері арасында жүргізілген «Мамандықтар» тақырыбында бейнеролик түсіріліп мектептің және мектеп парламенті инстаграм парақшасына салынды.

ҚОС ұйымдастыруымен өткізілген «Көктем аруы» байқауына парламент президенті Туремуратова Мадина қатысып, жүлделі 1-орын иеленді.

Наурыз меркелері қарсаңында 5-7 сынып арасында өткізілген «Көктем аруы-2023» байқауын «Мәдениет және өнер» фракциясы өткізді.

Сәуір айында «Дос болайық бәріміз» тақырыбында «Қамажай» фестивалі ұйымдастырылды.

Мектеп парламент құрамы сәуір-мамыр айларындағы екі айлық сенбелік жұмыстарына да өз үлестерін қосты.

ҚР Қарулы Күштерінің 31 жыл толуы және Ұлы Жеңістің 78 жылдығы қарсаңында «Мәдениет және өнер» фракциясы «Жауынгерлік әндер» байқауын ұйымдастырды.

2022-2023 оқу жылы жоспарына сәйкес мектеп парламентінің фракция мүшелері жоспарлы жұмыстарын жүргізді.

«Әділет» дебат клубы

Ақтөбе қаласы №37 орта мектебінде жалпыұлттық дебат қозғалысын дамыту мақсатында 2021 жылы «Әділет» дебат клубы құрылған болатын. Қазіргі таңда құрамында 15 оқушы мүше болып табылады.

Дебат клубының мақсаты: Заман талабының сұранысына сапасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтарын тәрбиелеу.

Қыркүйек айында жылдық жоспарды талқылау мақсатында «Әділет» дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысы өткізілді. Онда дебат клубының Президентін, клуб координаторы мен әлеуметтік желі бойынша жауапты оқушылар тағайындалды. Және де клубымызға жаңа мүшелер 7-8 сынып оқушылары қабылданды. Клуб қатысушыларына арналған ватсап, телеграм чаттары құрылды.

Қазан және қараша айларында дебат клубына жаңадан келген 7-8 сынып оқушылары үшін түсіндірме жұмыстары мен көрсетілім ойындары өтті, яғни сол арқылы клубтың жаңа мүшелері пікірсайыстың қалай болатынын, ойын барысын түсіну үшін. Көрсетілім ойындарды 9-10 сынып оқушылары өткізді. Олардың ішінде клуб президенті Жұмабекқызы Сұлу, Серік Әсет, Тұрғын Береке, Қайырбеков Азатбек бар.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – Тұғырым» атты мектепшілік пікірсайыс турнирі болып өтті. Оған 6 фракция қатысты. Фракциялар жақсы дайындықпен келген, турнир жақсы деңгейде өтті. Қатысушылар 1-2 орын және «Үздік спикер» номинациясымен марапатталды.

Қаңтар айында «Әділ жолмен баю мүмкін емес» тақырыбында, ақпан айында «Дебат технологиясы жаңа заман талабы» атты көршілесмектептермен тәжірибе алмасу өтті. Соның ішінде оқушылар №33 мектепке жолдастық кездесу өткізіп келді. Онда оқушылар өздеріне мол тәжірибе жинақтап қайтты. , наурыз айында «Демократия – бұл утопия» , сәуір айында «Дебат – тұлғалардың екіжүзділігін шыңдайды» тақырыптарында мектепшілік турнирлер болып өтті. Бұған қоса сәуір айында Әділет дебат клубы мүшелері қоғамдық тазалық жұмыстарына белсене атсалысты. Оның ішінде ағаш отырғызу, көшелердің тазалығы, мектеп ауласын тазарту секілді жұмыстарды атқарды.

Мамыр айында дебат клубы мүшелерінің қорытынды жиналысы өтіп, онда жыл бойына белсенділік танытып, мектепшілік, қалалық турнирлерге қатысқан оқушылар марапатталды.

Және де жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында Мұхтар Арынның 87 жылдығына орай ұйымдастырылған «Тәрбие кілтінқашаған ұстаз – Мұхтар Арын» атты қалалық дебат турниріне Серік Әсет пен Жұмабекқызы Сұлу қатысып, Алғыс хатқа ие болды. Одан бөлек дебат клубы мүшелерімен бірге сәуір айында халық батыры Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай Қостанай облысынан жылжымалы көрменің келуіне байланысты Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне барып келген болатын. Онда оқушылар 1916 жылғы көтеріліс туралы, оған қатысушылар, қолданған заттары туралы толық мәлімет алып қайтты.

«ЖасСақ» «Жас әскери патриоттық клубы

Тәуелсіздік – ұлттық жаасампаздық рух, ұраны ел мен халық тақырыбына сәйкес “Ақтөбе облыстық білім басқармасының Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мерекесіне байланысты ерлік сабақтарын өткізу туралы” хатына сәйкес, №37 ОМ өткізілген ерлік сабағы, Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай қала мектептерінің оқушыларына ұйымдастырылған «Жас жауынгер-2023» атты әскери-спорттық сайысы, «Мерген Сарбаз 2022» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату жарысы, Қаланың жалпыға бірдей білім беру мектептері оқушыларының арасында өткізілетін «Жас құтқарушы» әскери-спорт сайысы, ҚР Қарулы күштерінің 31 жыл толуына және Ұлы Жеңістің 78 жылдығына арналған «ЖАС ҰЛАН» әскери-қолданбалы спорт түрлерінен байқауына, «Қаһарман-2023» әскери-қолданбалы спорт жарыстарына қатысып жүлделі орындарға ие болды. 1-наурыз Бүкіл әлемдік Азаматтық Қорғаныс айлығы аясында , қаланың жалпыға білім беретін мектептерінің оқушылары арасында «Ең үздік мектеп» сайысында 3 орынға ие болды. Патриоттық тәрбие беру барысында АҚЖББ майоры Кутанов Избасқан Шабанұлының қатысуымен 9-10 сынып оқушыларына әскери оқу орындарына кәсіби бағдар берілді.

«Қызғалдақ» қыздар клубы

2022-2023 оқу жылына №37 орта мектебінде «Қызғалдақ» қыздар клубы бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша оқу жылы бойына уақытылы жұмыстар жүргізіліп отырды.

Атқарылған жұмыстарды атап өтетін болсақ:

- 7 қазан күні 7-11 сынып қыз балаларымен «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын сақтау және де өмірді мәнді де сәнді өткізу үшін әр уақытты тиімді, әрі белсенділікпен өткізуді ұғындыру.

- 10 қазан күні 8-11 сынып қыз балаларымен Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы тақырыбында қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: жаңа әлеуметтік даму

жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ғылымның барлық бағыттарында интеллектуалды қабілеттерін дамытып, шығармашылық іс-әрекеттерге дайын қыз балалар тұлғасын қалыптастыру.

- Қазан айының 10-14 поплығында 1-11 класс оқушылары аралығында «Мерекелі, берекелі –Алтын күз» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Апталық ІІІ кезеңге бөлінді. Бастауыш және орта буын, 9-11 класс оқушыларына байқау ретінде өткізіледі. Жоспар ілініп, мектепшілік жиын оқушыларға тағы бір мәрте тапсырмалары айтылды. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылығын шындауға, көркем сөзді мәнерлеп оқуға тәрбиелеу, ізденімпаз оқушыларды анықтау, шығармашылыққа пайдалы іс жасауға тәрбиелеу. Байқау өте жоғары деңгейде өтіп, бас жүлде І, ІІ, ІІІ орындармен және номинациялармен марапатталды. Бас жүлде Тәңірбай Аңсар мен Райханова Диана 10а сынып, І орын Қуатбаев Бекзат пен Темиргазиева Дилназ 11а сынып, ІІ орын Әлмұрат Данияр мен Тұрғын Береке 10 ә сынып, ІІІ орын Серік Әсет пен Мирболатқызы Марина 9 а сынып оқушылары марапатталды.

-19 қазан күні «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында 7-8 сынып қыз балаларымен қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл жүріс-тұрыс дағдысы туралы мағлұмат беру.

- **«Қызғалдақ» қыздар клубы** 2022-2023 оқу жылы қарашаның 28 жұлдызында 9а, 9ә, 10а, 10ә кластар арасында «Қазақ қыздарының ұлттық бас киімі тақия тігу» шебер класы өткізілді. «Аналар» мектебінің мүшесі Жумалина Гүлназ Дүйсенқызының ұйымдастыруымен ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қазақ қыздарының ұлттық бас киімі тақия тігу» шебер класы өткізілді. Шебер класс барысында қазіргі уақытта трендке айналған қазақтың ұлттық бас киімі тақия тігудің қыр-сырлары түсіндірілді. 9-10 класс қыз балалары хас шебер Гүлжан Дүйсенқызымен шеберліктерін шыңдап, белсенділік танытып, аса көп ыждағаттылық пен төзімділікті көрсетіп, аз уақытта жақсы нәтижеге қол жеткізді.

-30 қаңтарда 9-11 сынып қыз балаларына «Қызға қырық үйден тыю» психологиялық сағат өткізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл жүріс-тұрыс дағдысы туралы мағлұмат беру.

-«Қызғалдақ» қыздар клубының қыздары және жетекшісі А.С.Жалғасова 15 ақпанда Отбасын қолдау орталығының психологы Б.Ә.Байкелова ұйымдастырған «Сен өзгерсең - сенің әлемің де өзгереді» атты тренингке қатыстырылды. Тренинг барысында оқушылармен психологиялық ойындар ойнатылып, жаттығулар жасалды. Тренинг соңында оқушыларға орталықтан дәм татқызу әрі асханаға деген құштарлықтарын ояту мақсатында оларға бауырсақтан мастер-класс өткізілді. Осындай іс-шараға қатысып отырғанына өсіп келе жатқан қызғалдақтай қыздарымыз өте қуанышты және ризашылықтарын білдірді.

-02.03.2023 күні «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында «Қызғалдақ» қыздар клубының ақ жаулықты әжелермен, аяулы аналармен кездесуі өткізілді. Кездесуге жастарға арнап 356 бата жазған, 5 кітабы жарық көрген, 30-дан аса қолжазбасы бар 89 жастағы қарт анамыз Натиева Батима Бекхожиевна, көп балалы ана Аяпова Жайнагуль Тлегеновна және зейнеткер анамыз Иманбаева Күлай қатысты. Кездесу арқылы біз қыздарымызға нағыз қазақ қызының бойында болуы керек қасиетті көрсете білдік деп ойлаймыз. Әрдайым бойларында қазақшылықтың көрінісі шығып тұрады деген ойдамыз. Ешқашан қазақ қызы деген атқа кір келтірмей, ақ жаулықты әжелеріміз бен аяулы аналарымыздың кездесуде айтқан өнегесі жерде қалмай, алдағы уақытта өмірлік жолдарында көмек етеді деп сенеміз.

-«Қызғалдақ» қыздар клубы арасында «Пайдалы кеңестер» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында мектеп психологы жат қылықтан аулақ болудың кеңестерін берді. С.Укибаева заманауи және дәстүрлі емес материалдарды өндеп, пайдаланудың жолдары мен әдістерін көрсете отырып, телпектен шаш қыстырғыш дайындауды үйретті.

«Адал Ұрпақ» клубы

№37 орта мектебі бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы рухани – адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы аясында жұмыс жүргізеді. Мақсаты: оқушыларды өнегелі, жауапты, бастамашыл болуға дайындау, әлеуметтік құзырлы және өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Осы мақсатта 2022-2023 оқу жылында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі таңда «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының құрамында 100 оқушы бар. Жыл басында клуб жоспары бекітіліп, жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді. Атап айтсақ, оқу жылының басында үнемі жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы клуб белсенділерімен бірге жаңартылды. Клубтың тағы бір жұмысы ол «Адалдық дүкені». Адалдық дүкені мектеп оқушыларын шыншылдыққа, шынайылыққа, адал болуға тәрбиелейді. Себебі сатушысы жоқ дүкеннен өзіне қажетті кеңсе тауарларын алып, арнайы касса қорабына тиындарын салады. Жыл бойы «Адалдық дүкені» өз жұмысын үздіксіз атқарып келді.

2022 жылдың қыркүйек, қазанайларында 1-11 сынып оқушылары арасында «Адалдық асылқасиет», «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Адалдық сағаттары мектеп оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Адалдық сағаттары мектептің әлеуметтік желісіне орналастырылды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес қараша, желтоқсан айларында 1-4, 5-9 сынып оқушылары арасында «Біз адал ұрпақпыз», «Жемқорлықсыз ел – гүлденген ел» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Оқушылардың жұмыстары жинақталып, мектептің әлеуметтік желісіне орналастырылды.

2022 жылдың 12 желтоқсанында «Адал қызмет ету парызым» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлермен 9-11 сынып оқушылары арасында кездесу өткізіліп, өз ойларымен бөлісті, оқушылар пікір алмасты.

2021 жылдың қараша айында 1-11 класс арасында «Біз адал ұрпақпыз!» тақырыбында бірыңғай адалдық сағаттары өткізілді.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті және адами құндылықтарды насихаттау мақсатында адал ұрпақ ерікті мектеп клубының қатысуымен 7-8 сынып оқушылары арасында «Біз-тәуелсіз ел ұланамыз» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды.

Ақпан, сәуір айларында «Жемқорлықсыз өмір», «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» тақырыптарында 9-11 сынып оқушылары арасында дебат пікір сайыс ойыны өткізілді.

Наурыз айында 9-11 сынып оқушылары арасында «Ортақ парыз-бір міндет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында қаралған мәселелер:

- «Сыбайлас жемқорлық» - деген не?
- Жемқорлықтың пайда болуымен күресу.
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңнамалары
- Қазақстандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» шаралары мен әдістері.

Сонымен қатар оқушыларға сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жағдайда қайда хабарласуға болатындығы туралы мәлімет берілді.

- CALL-CENTER 1424 қызметі

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл Агенттігінің сайты: www.anticorruption.gov.kz
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің сенім телефоны: 54-05-92

Оқу жылы бойына «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы мүшелері мен жетекшісі жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіп, қосымша берілген тапсырмалар да уақытылы орындалып отырды.

«Кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» бойынша мектеп қыз балаларымен және ер балаларымен жүргізілген психологиялық сағаттар

2022-2023 оқу жылына №37 орта мектеп психологының «Кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша мектептің ер балалары және қыз балаларымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Жыл басынан бері жүргізілген жұмыстарды атап өтетін болсақ:

- Қыркүйек айында Қиын жағдайға тап болған балаларға «ЖОҚ» деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар дайындау, «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» туралы ақпарат беру. Мақсаты: Оқушыларға келеңсіздікті алдын-алу бойынша, қиын жағдайға тап болған жағдайда кімнен көмек ала алатындығын ескерту;

- 9 қыркүйек күні «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы психологиялық кеңестер» 9-11 сынып ер балаларына жүргізілді.

- 7 қазан күні 7-11 сынып қыз балаларымен «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын сақтау және де өмірді мәнді де сәнді өткізу үшін әр уақытты тиімді, әрі белсенділікпен өткізуді ұғындыру.

- 10 қазан күні 8-11 сынып қыз балаларымен Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы тақырыбында қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ғылымның барлық бағыттарында интеллектуалды қабілеттерін дамытып, шығармашылық іс-әрекеттерге дайын қыз балалар тұлғасын қалыптастыру.

- 19 қазан күні «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында 7-8 сынып қыз балаларымен қыздар жиналысы жүргізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл жүріс-тұрыс дағдысы туралы мағлұмат беру.

- 10 қарашада Әдеп ең қымбат мирас тақырыбында 7-8 сынып ер балаларымен жиналыс өткізілді. Мақсаты: балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрге баулу. Үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

- 24-қарашада «Талғам мен тәрбие» ер балалармен және қыз балалармен профилактикалық жұмыс оқушыларды киіну әдебімен таныстыру, киім киюге қатысты жағдаяттарды талдай отырып, киіну ережелерін үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу;

- 28-қараша күні “Әлеуметтік желідегі сауаттылықты сақтайық” Оқушылардың әлеуметтік желідегі сауаттылығын арттыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және өз өміріне қауіп төндіретін ойындар мен бейтаныс адамдармен сөйлесуден сақтандыру ережелерін таныстыру.

- 19 желтоқсанда «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті болдырмау контрацепция жолдары» дәріс-презентация сабағы жүргізілді.

- 22 желтоқсан күні 9-10 класс оқушыларына әлеуметтік желідегі Кибербуллингтің алдын алу мақсатында психологиялық сағат өткізілді. Оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

23-қаңтарда "Мен таңдаған сара жол" Оқушылардың бойындағы көңіл-күйді тұрақтандыру, жағымсыз әрекеттерін түзету; эмоциялық күйзелісті сейілту, Танымдық қабілеттерін дамыту. Достық қарым-қатынасты нығайту, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауға үйрету;

-30 қаңтарда 9-11 сынып қыз балаларына «Қызға қырық үйден тыю» психологиялық сағат өткізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл жүріс-тұрыс дағдысы туралы мағлұмат беру.

14-ақпан күні «Мен өмірді бағалаймын» Өзіндік жүйелі дамуына әсер ету, эстетикалық көзқарастарын дамыту. Шын адал достыққа баулу. «Махаббат» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Адам бойындағы махаббат сезімін құрмет тұтуға баулу болатын;

3-наурыз күні «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» *қыз балалармен профилактикалық жұмыс* 5-8 класс оқушыларымен. Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, адамгершілікті, жан сұлулығы мен сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінген қыз баланың тұлғасын қалыптастыру.

10 - наурызда «Виртуалды әлемдегі менің бейсанам» Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру;

07 сәуірде « Құқық бұзушылықты алдын-алу» *ер балалармен профилактикалық жұмыс* Мектеп инспекторы А.Муханбетқазинаның қатысымымен мектепке тыйым салынған заттар бойынша оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді;

17 сәуірде «Қызғалдақ» қыздар клубымен бірлесе отырып «Пайдалы кеңестер» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мамыр айында сұраныс бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Құқықтық және діни экстремизмнің алдын алу

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысының бір саласы – құқықтық білімді насихаттау. Оқу жылына арналған құқықтық жоспар құрылды. Құқықтық жоспардың негізгі бағыттары- құқықтық жалпыға бірдей білім беру жұмысын жүргізу. Тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Жұмысшы тобы, «Тәртіп сақшылары», «Құқықтық білім беру мектебі», Сазды полиция бөлімінің жасөспірімдер инспекторымен жұмыс жүргізілді. Ата-аналар жиналысында оқушылардың, ата-аналардың құқықтары туралы мәселелер қаралып, талқыланды. Жыл бойында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу өткізіліп, әңгімелер жүргізілді.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында «Адал ұрпақ» клубы мүшелерімен дөңгелек үстел өткізілді. Жылына екі рет жас медиаторлар жиналысы өткізілді. Ақтөбе қаласы №2 ҚІБ-нің қызметкерлері «Жасөспірім және заң» акциясы аясында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық пен қылмыс» құқық қорғау органдарының мамандарымен кездесу өткізілді.

Тәртіп сақшылары түнгі рейдтерге Сазды полиция бөлімінің қызметкері мектеп инспекторымен бірлескен рейд ұйымдастырып кешкілік мезгілде оқушылардың көшеде жүрмеуін бақылау және ата-аналарға ескерту жұмыстарын жүргізді. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында ата-аналар және жоғары буын оқушылары арасында Қазақстан Республикасында экстремизм мен терроризмге қарсы іс – қимыл жөніндегі бағдарламаға сәйкес жоспар құрылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында «Дін және қоғам» дінге бейім оқушыларды, ата – аналарды анықтау жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың дінге деген көзқарасын қалыптастыру мақсатында «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теолог мамандары Нұрлан Асанов және орталықтың арнайы психологы Қасенов Ақжолдың қатысуымен «Ұлттық құндылықтар және дін- тәрбиенің дінгегі» тақырыбында кездесу өткізіліп 23 отбасынан 33 оқушы мектепте оқиды. 13 ұл бала , 20 қыз бала білім алуда. Мектепте діни ағымды ұстанатын оқушы жоқ.

Құқықтық және саяси мәдениетті, дамыған ұлттық өзіндік саналы, дәстүрлі діни сананы қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар көкейінде мазалап жүрген сұрақтарын қойып, тақырыбы ашылған ауқымды жауаптар алды. Баланың танымдық көзқарасын дамыту мақсатында 5-11 кластар аралығында «Дін және мен» тақырыбында сауалнама, «Діни беріктің діндегі бұзылмас» теолог маманмен кездесу дөңгелек үстелі өтті. Діни ағым бағыттарын ашып түсіндіру, жалпы мағлұмат беру профилактикалық жұмыстары жүргізілді.

Діни жолындағы оқушылар көрсеткіші

№	Оқу жылы	жынысы	класс	Орамал тағатын	Намаз оқитын
1	2020-2021	-	-	-	-
2	2021-2022	-	-	-	-
3	2022-2023	-	-	-	-

«Бала құқығы-адам құқығы» республикалық жоспар негізінде онкүндік өткізілді.

Тәртібі «қиын» оқушылармен жүргізілген жұмыс

Құқықтық тәрбие беруде және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жасөспірімдер инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары құрылып соның негізінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді: Жағдайы нашар жанұя, тәртібі қиын оқушылар, қолайсыз отбасылар анықталып есепке алынды.

2022 - 2023 оқу жылы ІІБ Есепте тұрған оқушы – жоқ, мектепшілік бақылауда- 1 оқушы, «Тәуекел» тобында – 4 оқушы тіркелді. Осы оқушылармен жасалатын жеке тәрбие жұмыс жоспары құрылды, бақылауды қажет ететін оқушыларға арналған күнделіктер жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары

№	Оқу жылы	ІІБ Есепте тұрған оқушы	Мектепшілік есепте тұрған оқушы	Тәуекел тобында есепте тұрған оқушы	Қауіпті топта тұрған оқушы саны	Дін жолындағы оқушы саны
1	2020-2021	-	1	1	-	-
2	2021-2022	-	1	4	-	-
3	2022-2023	-	1	4	-	-

Класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып, олардың сабаққа қатысымын, үлгерімін үнемі қадағалап тұрды. Жыл бойы есепте тұрған оқушылар мектепшілік үйірме, спорт секцияларына қатыстырылды.

Ақтөбе қаласы Астана аудандық №2 ҚІБ жасөспірімдер инспекторымен тығыз байланыста болып, көптеген жеке жұмыстар жүргізді. «Қиын» оқушылардың мәселелері тәртіп бұзушылықтың алдын алу кеңесінде, класс жетекшілер жиналысы, әкімшілік жанындағы кеңесте үнемі қаралып отырды. Бұл оқушылармен де жеке, топтық жұмыстар жүргізілді. Мектеп психологының жыл басындағы тәуекел тобындағы оқушылармен атқарылатын жоспары құрылып мектепшілік бақылауда тұрған қиын және құқықбұзуға бейім оқушылар тізімін класс жетекшілермен бірлесіп жинақтау және оқушылар туралы мәлімет жинақтап, олармен жұмыс жасау жоспарын ұйымдастыру, картотекаларын толтыру жұмыстары жүргізілді. Бейімделуі нашар, оқшауланған оқушылармен, сұхбаттасу, кеңес беру арқылы түзету жұмыстарын жүргізілді. «Кез – келген қиындықтың астында үлкен мүмкіндіктер бар!», «Зиянды заттармен күрес» тақырыбында түсіндірме жұмыстары, «Сіз қорғалуға құқылысыз», «Кәметке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүткіліктің, оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарында кеңес беру профилактикалық жұмыстар жүргізілді. «Сенім» жәшігіне түскен сауалдар бойынша

мектеп жантанушылары сауалнама жүргізіп, жеке әңгімелесу өткізіп, оқушыларға әрдайым қолдау көрсетіліп отырды.

2022-2023 оқу жылында тәрбие бөлімі мен мектеп психологының бірлескен жоспары негізінде «Кәмелетке толмаған оқушыға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алу» бойынша **ер балалары және қыз балалармен** бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Жыл басынан бері жүргізілген жұмыстарды атап өтетін болсақ:

- 1 қыркүйек-Білім күні мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Ақтөбе қаласы Ішкі істер полиция бөлімінің лейтенанты Турабеков Ержан Бақытжанұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Аптаның әр жұма күні «Инспектор күні» болып бекітілді. 21 қыркүйек күні «Тәртіпке бағынған құл болмас» айдарында құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің №1 отырысы өткізілді. Қазан- қараша айларында мектеп инспекторы А.Муханбетказина «Мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігі» туралы дәріс өткізіліп жасөспірімдердің жолда жүру ережелері және қалта ұрлығы, үшкір және ұшты заттарды әкелмеу туралы сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
- Қазан айында «Тәртіп және құқық» фракциясының мүшелері мектептің ішкі тәртіп ережесін түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
- Құқық бұзушылық пен буллингтің алдын алу бойынша 9-11 сыныптарға Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы психологиялық- әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері М.Т.Жасжанова және мектеп инспекторы А.Н.Муханбетказина құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында дәріс оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
- «Тәртіп және біз» апталығы аясында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында прокурор Утемагамбетова Анара Мырзабековна, бөлім прокуроры Әділ Дархан Жәдігерұлы қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 жылдарға арналған нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің аймақтық бағдарламасының негізінде мектепшілік жоспар бекітіліп, сол жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. «Мен сені сүйем, өмір!», «Есірткісіз өмір-ғажап», «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыптарында тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары

Жылдар	Облыстық ЖИТС орталығынан дәрігер эпидемиолог		Облыстық наркологиялық диспансері №3 ҚЕ акушер гинекологы	
	Мінез – құлық факторларының алдын алу	«АИТВ жұқпасы және житс ауруы»	«Есірткі және жасөспірім», «Ерте жүктіліктің алдын алу»	Наркологиялық және психологиялық жүйкені қоздыратын зиянды заттардың алдын алу
2022-2023	1	1	3	1

Екпеден бас тарту теріс әрекет. Адам-мемлекеттің басты капиталы, яғни байлығы, болашағы, күш-қуаты, тірегі. Ал, адам денсаулығының саулығы мемлекеттің ғана емес барша адамзаттың жарқын болашағының бірден-бір кепілі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында профилактикалық медицина аурудың алдын алудағы басты құралға айналуы тиіс екендігін ерекше атап өтті. Не десекте ақ халатты абзал жандармен біршама уәкілетті мекеме қызметкерлерінің түсіндіру жұмыстарын жүргізуінің кемі жоқ, дегенмен аудан көлемінде екпеден себепсіз бас тартушылар жоқ емес. Екпеге қарсылық білдіру үкімет заңына қарсы шығу деген сөз. 2009 жылы күшіне енген «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде «әр адам өз денсаулығын ойлаумен қатар, айналасындағы адамдардың

денсаулығын сақтау жөніндегі сақтық шараларын орындауға міндетті» деп анық көрсетілген. Жалпы халықтың денсаулығы жақсы болса, ол мемлекет қуатты болмақ. Егер екпе алмаған бала ауырған жағдайда ол айналасындағылар үшін де қауіп тудырады. Осы орайда ата – аналарды қалалық емханалардан шақырылған мамандармен кездестіру жұмыстары жүргізілді.

Екпеден бас тартқан оқушылар мәліметі

№	Оқу жылы	Екпеден бас тартқандар саны	ұл	қыз	Діни ағымда	Жеке көзқараста
1	2020-2021	17	10	7	8	9
2	2021-2022	16	11	5	5	11
3	2022-2023	37	21	16	10	27

Өскелең ұрпақтың табысты әлеуметтенуі үшін олардың тұлғалық дамуы үшін, қоғам мүддесі үшін инновациялық қызметі үшін жағдай жасалынуы тиіс. Соған байланысты тұлғаны әлеуметтік қорғаудың өзектілігі артып отыр.

Әлеуметтік қорғау – жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік факторлардың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, ол әсерлерді жоюға жолын іздеуге, олардың өзін-өзі анықтауына, өмірді өз орнын таба білуге бағытталған мемлекеттің мақсатты қызметі. Әлеуметтік қорғау-бұл әлеуметтік – экономикалық, құқықтық категория ғылыми әдебиеттерде ол мәселе кең мағынада қарастырылады.

Отбасын зерттеудің психологиялық-педагогикалық диагностика түрлері жасалды. Отбасының зерттелуі нәтижесінде әлеуметтік паспорт жасақталды.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы туралы қорытынды

Оқу жылы	Барлық оқушы	Жекеленген санаттағы оқушы	Күнкөріс деңгейі төмен отбасылар	АӘК	Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындаған бала саны	Жетім
2022-2023	587	42	0	41	0	1

Мектеп тарапынан оқушылар әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қорғау жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілді.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы

2011 жылдың 11 ақпанында «Нұр Отан» ХДП Төрағасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысы және «Жас Қыран» балалар ұйымының жаңа жүйесін құру керектігін атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында 2011 жылғы 6 шілдеде «Елорда күніне» орайластырылып жастар ұйымдары көшбасшыларының бастамашыл топ «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Бірлестігі құрылды.

Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

Ұйымның міндеттері: Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды

ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

"Жас ұлан" ұйымының нышандары: ту, галстук, төсбелгі

Ұйымға қабылдау жылына 3 рет: 1 - мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні, 6-шілде - "Жас ұлан" құрылған күні, 25- қазан - Республика күні.

Жүзеге асырушылары: 6-9 жас - Жас қыран, 10-16 жас - Жас ұлан, мектеп басшылығы, ұйым жетекшісі, класс жетекшілер, ата - аналар.

"Жас ұлан" ұйымының бағыттары: «Зерде», «Отан», «Руханият», «Салауат», «Экоәлем», «Жеті жарғы», «Еңбек» .

Ұйымға мүше «Жас қыран» және «Жас Ұлан» қазіргі таңда мектеп бойынша 486 оқушы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшесі.

2022-2023 оқу жылының аяғындағы есеп бойынша

«Жас Ұлан» ұйымына мүшесінің саны

«Жас қыран»	Бастауыш оқушыларының жалпы саны	Оның ішінде ұйым мүшелері
	212	144

«Жас Ұлан»	Орта және жоғары оқушыларының жалпы саны	Оның ішінде ұйым мүшелері
	356	320

2022-2023 оқу жылындағы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының өзін-өзі басқару, мектеп кеңесінің құрамы

№	Оқушының аты-жөні	Класс	Қызметі
1	Туремуратова Мадина	10а	Ұланбасы
2	Тұрғын Береке	10ә	Ұланбасы орынбасары
3	Айтекеева Мерей	9а	«Руханият» бағытының бөлімбасы
4	Мади Ниалы	9а	Бөлімбасы көмекшісі
5	Серік Әсет	9ә	«Отан» бағытының бөлімбасы
6	Айдаралиев Данияр	9ә	Бөлімбасы көмекшісі
7	Алмұрат Данияр	10ә	«Зерде» бағытының бөлімбасы
8	Жұмабекқызы Сұлу	9ә	«Жеті жарғы» бағытының бөлімбасы
9	Тәңірбай Аңсар	10а	«Салауат» бағытының бөлімбасы
10	Султан Самал	9а	«Экоәлем» бағытының бөлімбасы
11	Базылов Даурен	9ә	«Еңбек» бағытының бөлімбасы
12	Райханова Диана	10а	Хатшы

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы

№	Оқу жылы	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
1	2020-2021	6	5	-	1
2	2021-2022	5	4	3	2
3	2022-2023	6	3	-	-

01.09.2022жыл күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында алғашқы қоңырау жиыны өткізілді. Білім күніне арналған мерекелік жиын 1, 9, 10, 11 сынып оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылды.

08.09.2022жыл Отбасы апталығы аясында 2-3 сынып оқушылары арасында Отбасы күніне арналған апталық аясында «Менің бақытты отбасым» тақырыбында флешмоб өткізілді.

21.09.2022жыл «Жас Ұлан» белсенділерінің және Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Таза қалам - Ақтөбе» атты екі айлық сенбілікке Ақтөбе қаласының мектеп оқушыларын атсалысуға шақыру видеоролигі жасалынды. Бұл ролик қала мектептерінің оқушылары арасында үлкен қолдау тауып, өз жалғасын тапты.

23.09.2022жыл Өзін-өзі басқару мектеп кеңесі мүшелері 4 сынып оқушылары арасында «Руханият» бағытының бөлімбасы Айтекеева Мерей «Жол қауіпсіздігін сақтайық!» жолда жүру ережелері және қауіпсіз жол белгілерін таныстырып, танымдық сағаттарын ұйымдастырды.

23.09.2022жыл С.Байішев атындағы облыстық әмбебап кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілген А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ұлт ұстазының ұлы жолы» оқырмандар конференциясына 8а сынып оқушылары ақынның «Шымшық пен көгершін» мысалын қойды. «27.09.2021жыл Ұстаздар күні қарсаңында «Жас Ұлан» белсенділерінің дайындауымен сюжеттік құттықтау бейнеролигін дайындады.

01.10.2022жыл «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен «Ұстазым – ұлағатым, үлгі – өнегем» тақырыбында мерекелік жиын ұйымдастырылды. Шара барысында қызықты ойындар, көңілді әндер, қойылымдар, әсерлі тілектер айтылды.

03.10.2022жыл күні Ұстаздар күні қарсаңында «Жас Ұлан» белсенділерінің қатысуымен «Дублер күні» өткізілді. Оқушылар үлкен дайындықпен келіп, жоғары деңгейде өз міндеттерін атқарып шықты.

06.10.2022жыл күні Қалалық Оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен Мектеп Ұланбасы Туремуратова Мадина және аға тәлімгер А.Измаганбетова «Чистые берега» еріктілерімен бірге қала мектептерінің жас ұландықтарымен бірге Украинка ауыл аймағындағы ЭКОСЕНБІЛІК жұмыстарына атсалысты.

10.10.-14.10.2022жыл арасында «Мерекелі, берекелі – Алтын күз!» апталығы ұйымдастырылды. 10.10.2022жыл 1 класс оқушылары арасында «Алтын күз» сурет көрмесі өткізілді. Суретке тапсырылған жұмыстар мектеп инстаграмына салынды. 11.10.2022жыл 2-3 класс арасында «Күз сыйы» табиғи материалдардан түрлі заттар дайындалды. Үздік жұмыстар көрмесі жасалынды. Жұмыстары әлеуметтік желіге салынды. 12.10.2022жыл 4 класс арасында «Арайлы, алтын күз» қабырға газеттері дайындалып, мектеп дәлізіне ілінді.

13.10.2022жыл 5-6 класс арасында «Күз – мереке, күз – береке» қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

11.10.2022жыл 7-8 класс арасында «Күз ханзадасы мен ханшайымы» тақырыбында күзгі эпизодтар сақталған ерекше фото байқауы өткізілді

Байқау өте жоғары деңгейде өтіп, бас жүлде, I,II,III орындармен және марапатталды. I орын 11а класс Қуатбаев Бекзат пен Темиргазиева Дильназ, II орын 10ә класс Әлмұрат Данияр мен Тұрғын Береке иеленді.

«Күз ханзадасы мен ханшайымы» бас жүлдені 10 «А» класс оқушылары Тәңірбай Аңсар мен Райханова Диана жеңіп алды.

21.10.2022жыл 25-қазан Республика күні қарсаңында 1-11 сынып оқушылары арасында «Патриотизм дауысы» жаппай Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнін айту ұйымдастырылды. Әлеуметтік желіге арнай жасалынған бейнеролик орналастырылды.

22.10.2022жыл күні белсенді Жас ұландықтардан мектеп парламентінің, «Жастар ұйымының» ұйымдастыруымен ауқымды шара Республика күніне арналған «ЖАСА ҚАЗАҚСТАН!» тақырыбында мерекелік салтанатты жиын өткізілді.

24.10.2022жыл Қалалық Оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік класс» әуесқой мобилограф байқауына 5ә сынып оқушылары қатысты.

18.11.2022жыл ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №2 МӨСБ бірлескен оқу-жаттығу сабақтары өткізілді.

«Жас Ұлан» ұйымына 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында 2022жылдың желтоқсан айының 13-і күні «Ел ертеңі – Жас Ұлан» атты дәстүрлі қабылдау жиыны өткізілді.

Салтанатты түрде мектебіміздің 2 класс оқушыларының белсенділері «Жас Қыран» тобына 48 оқушы, 5 класс белсенділерінен 66 оқушы «Жас Ұлан» тобына, барлығы 114 оқушы ұйымға қабылданды.

07.02.2023жыл «Ауған ақиқаты» тақырыбында Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдарына қатысқан ардагерлермен кездесу өткізілді. Ерлік сабағына Жұмабеков Аманкелді Байышұлы – «Ақтөбе облыстық ауған соғысы жауынгер-интернационалистері қоғамдық бірлестігі» төрағасының орынбасары және Ауған ардагері Мурсалимов Ермекбай Жеткеншекович қатысым жасады. Іс-шара барысында ардагерлермен сұхбат жүргізіліп, «Жас Сақ» әскери-патриоттық клубының саптық және спорттық көрінісі көрсетілді.

Қалалық Оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткізілген «Қалдықтарға екінші өмір сыйлайық» байқауында 7а сынып оқушысы Мирасқызы Азель қатысып 3-орын иеленді.

16-желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында қала мектептері арасында өткізілген «Тәелсіздік тұғырым» сахналық қойылым байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін №37ОМ тобы 3-орын иеленді.

11.02.2023жыл «Жас Ұлан» мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді.

1-орын Досал Бағдат Жанболатұлы мен Алмұрат Данияр

2-орын Жалғасова Ақниет Сағынбайқызы мен Ахмет Назерке

3-орын Алдашева Гүлзада Қазықызы мен Қалпақова Зәуре

Жас ұландық белсенділердің ұйымдастыруымен 1-11 сынып арасында «Қош келдің, Жаңа жыл-2023 » ертеңгіліктері мен кештері өткізілді. Түрлі костюмдер киіп, қойылымдар қойып, қызықты бағдарлама ұйымдастырды.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай 01.03.2022ж күні «Рақмет сізге...» арнайы жәшіктерге ашық хаттар салу ұйымдастырылды. Оқушылар ұйымдастырылған жәшікке ыстық ықыластарын білдіріп, түрлі ашық хаттар мен құттықтау хаттарын салды.

01.03.2023жыл күні «Жас Ұлан» мектеп кеңесі 1-наурыз Алғыс айту күніне орай меркелік қала тұрғындарын құттықтау жұмыстарын ұйымдастырды. Өткізілген меркелік құттықтау мектеп инстаграмына бейнеролик дайындалып салынды.

02.03.2023жыл Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген «Көктем аруы-2023» байқауына мектеп ұланбасы Туремуратова Мадина қатысып, 2 кезеңнен де сүрінбей өтіп, шешуші додада 1-орын иеленді.

24.02.2023жыл күні қалалық «Отбасы құндылықтары – ұлттық тәрбие» тақырыбындағы семинар-практикумда жас ұландықтар «Отбасы – бақыт аясы» сыныптан тыс шара өткізді.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай жас қырандықтар 5-7 класс арасында «Көктем аруы - 2023» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға әр кластың намысын қорғауға бір қатысушыдан шықты.

Байқау нәтижесі бойынша жүлделі 1-орынды 7б класс Марат Айару иеленді.

14.03.2023жыл күні Көрісу күніне орай Жас Ұландық белсенділер мен мектеп парламенті мүшелері көршілес №35, №32 мектептерге барып көрісіп, тілектерін айтты. Жырдан және әннен шашу шашты. Мектеп инстаграмына салынды.

22-наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай жас ұландықтар қатысуымен «Керуен сити» орталығының алдында «Наурыз думан» мерекелік бағдарлама қойылды. Қала тұрғындарына керемет көңіл күй сыйлап, қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

16.03.2023жыл «Аталардың ақ батасы» тақырыбында аталармен кездесу өткізілді. Шара барысында аталарымыз кеңестерін беріп, ақ баталарын айтты. Оқушылар өз өнерлерін көрсетті.

28.04.2023жыл күні 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында «Дос болайық бәріміз» флешмобы өткізілді. «Қамажай» ырғағында өткізілген шара оқушыларға ерекше әсер етті.

03.05.2023жыл күні жас ұландық оқушылар мен өнерлі жас өнерпаздар «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында ақтөбе қаласындағы қарттар үйіне барып концерттік бағдарлама көрсетті. Үлкендердің алғысын алып, баталарын алды.

04.05.2023ж күні 7 мамыр Отан қорғаушылар күні және ҚР Қарулы күштерінің 31 жыл толуына орай 6-7 сынып оқушылары арасында «Жас Ұлан-2023» әскери-саптық байқауы өткізілді.

07.05.2023жыл күні Отан қорғаушылар күні Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновтің ескерткішіне гүл шоқтарын қою салтанатты жиыны ұйымдастырылды.

04.05.2023жыл ҚР Қарулы күштерінің 31 жыл толуына орай және Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай 7-10 сынып оқушылары арасында «Жауынгерлік әндер» байқауы өткізілді. Байқауға бағалау жүргізу үшін ауған соғысы ардагері Мамбетжанов Жандос Шүкірұлы қатысты.

14.05.2023жыл Қалалық Оқушылар сарайында өткізілген «Жас Ұлан» БЖҰ мүшелеріне арналған қорытындылау мерекесіне қатысылды.

31.05.2022ж күні «Мектеп кеңесі» белсенділерінің қатысуымен «ҮЗДІК ОҚУШЫ - 2023» салтанатты жиыны өткізілді.

01.06.2023жыл 2022-2023 оқу жылының аяқталуына рәулә «Сәт сапар, Жас түлек!» салтанатты жиыны өткізілді.

№	Оқу жылы	Тобы	Бастауыш оқушыларының жалпы саны	Оның ішінде ұйым мүшелері
1	2020-2021	«Жас қыран»	228	180
		«Жас Ұлан»	353	314
2	2021-2022	«Жас қыран»	231	178
		«Жас Ұлан»	357	319
3	2022-2023	«Жас қыран»	212	144
		«Жас Ұлан»	356	320

Кәсіптік бағдар беру

2022-2023 оқу жылында кәсіби бағдар беру бағыты бойынша оқу жылының басында жоспары құрылып, жоспар бойынша 1-11кластар аралығында тақырыпты тәрбие

сағаттары және жоғарғы кластар үшін оқу орындарынан келген мамандармен кездесулер өткізілді.

Мақсаты: Балалардың мамандық туралы түсініктерін дамыту, кеңейту. Мамандық ерекшеліктері мен пайдасын ажырата білуін үйрету. Балалардың сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуін жетілдіру. Тілін дамытып, әр бала өз ойын еркін айта білуге дағдыландыру. Әр мамандық түріне керек құралдарын білуге үйрету.

2022-2023 оқу жылында негізгі мектепті 51 оқушы, орта мектепті 36 оқушы бітіргелі отыр. Қантар айында 6-7 кластар үшін «Мамандық әлемімен таныстыру», 8-9 кластар үшін «Мамандыққа саяхат», 9-11 кластар аралығында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 9-11 сынып ата – аналарына «Мамандықты таңдаудағы отбасының ролі» ата – аналар жиналысы өткізіледі. «Мамандық таңдадың ба жас түлек» ашық есік күні өткізілді.

Жыл бойы Кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша мектепке келген колледж, университет мамандарымен кездесу жасау.9-10-11 сынып оқушылары сұхбаттасу жұмыстары жүргізілді. 2022-2023 оқу жылы бойынша 12 басқа қала оқу орындарынан келіп кәсіби бағдар жүргізсе, Ақтөбе қаласының жергілікті 14 колледж, жоғарғы оқу орындарынан келіп кездесулер өткізді.

Мектеп оқушыларының еңбекке орналасу көрсеткіші:

11 класс оқушыларының орналасуы

№	Оқу жылы	Түлек тер саны	Алтын белгі	грант	ЖОО	Колледж	Орналаспаған түлек саны
1	2020-2021	39	6	18	32	7	-
2	2021-2022	38	4	10	32	6	-
3	2022-2023	36	1				

9 класс оқушыларының орналасуы

№	Оқу жылы	Түлек тер саны	10 класс	Колледж	грант	Үздік аттестат	Орналаспаған түлек саны
1	2020-2021	42	30	12	8	3	-
2	2021-2022	54	30	24	20	6	-
3	2022-2023	51					

Қосымша білім беру

Мектепте барлығы 597 оқушы, оның ішінде мектепшілік үйірмеге 167 оқушы, спорт секциясына 151 оқушы, сыртқы үйірмеге 182 оқушы қамтылды 89 % қамтиды.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірмелерге тарту жұмыстарының көрсеткіші

№	Оқу жылы	Мектеп контингенті	Мектепшілік үйірме	Қоғамдық спорттық секция	Сыртқы спорт секциясы	Сырт үйірме
1	2020-2021	581	343	172	45	97
2	2021-2022	597	167	151	116	66
3	2022-2023	587	-	196	139	149

Оқушылар жетістіктері

№	Оқу жылы	Қалалық	облыстық	республикалық	халықаралық
1	2020-2021	10	7	46	-
2	2021-2022	2	-	-	3
3	2022-2023	76	3	1	-

Класс жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысы.

Тәрбие жұмысының бұл негізінен іске асыруда оқушылардың бір тұрақты құрамына жауапты класс жетекшілердің міндеттері орасан зор. Жалпы класс жетекшілер жұмыстарын атқаратын мұғалімдер саны 27. Класс жетекшілердің жұмыс бағыттары: класс ұйымын қалыптастыру, класс оқушыларын зерттеу, балалар ұйымдарымен жұмыс, ата –аналармен жұмыс, отбасын зерттеу методикасын меңгеру, оқушылардың ынтасын, шығармашылық қабілетін дамыту. Бұл бағыттар тәрбие сағатының белгілі бір уақытын өткізеді. Жылына 4 рет тәрбие жұмысына талдау ретінде , класс жетекшілер отырысы өткізіліп отырады. Класс жетекшілік міндетіндегі жетістігі мен кемшілігі сараланып отырады. ҚР Премьер -Министрінің 2020 жылдың 14 қаңтардағы №1-ө өкіміне сәйкес 2022 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын, жұмыспен айналасуын және шығармашылық дамуын ұйымдастыру, кәметке толмағандардың құқық бұзушылығының , қылмыс жасауының , қараусыз қалуының алдын алу мақсатында 2023 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналасуын ұйымдастыружөніндегі шаралар туралы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 04 мамырдағы №115 қаулысы негізінде, ҚББ-нің 2023 жылғы 04 мамырдағы №161 бұйрығына сәйкес 1-4 сынып оқушыларына «Жазғы алаң -2023» ойын алаңы ұйымдастырылды.

Оқушыға тәрбиелік тағылымы зор сабақ бере алу мақсатында жыл бойына ашық тәрбие сағатының кестесі құрылды.Оқушы тәрбиесі сабаққа қатысуы, сабақтан кешікпеуінен бастау алса, бұл жағын бақылауға алып сараптау жұмыстары жүргізілді. Келесі оқу жылына тәрбие жұмысының жобасы құрылды.Онда класс жетекшілерге жас ерекшелігіне байланысты тәрбие сағаттарын көңіл бөлу тапсырылды.

1-11 класс жетекшілер

№	Оқу жылы	Барлық класс	Бастауыш	Орта буын	Жоғарғы буын
1	2020-2021	26	10	10	6
2	2021-2022	26	10	10	6
3	2022-2023	27	10	11	6

Сынып жетекшілерінің білім жетілдіру деңгейі

№	Оқу жылы	Барлық класс	Бастауыш	Орта буын	Жоғарғы буын
1	2020-2021	26	1	3	1
2	2021-2022	26	-	6	3
3	2022-2023	27	-	-	-

Жетістіктер, кемшіліктер және жаңа 2023- 2024 оқу жылына қоятын міндеттер.

2022-2023 оқу жылында өткізілген іс шараларды талдай келе төмендегі жетістіктер мен кемшіліктер анықталды.

Тәрбие жұмысының жетістіктері:

- «Отбасы және мектеп» жобасы аясында 25 қазан Қазақстан Республикасы күніне арналған жалпы мектептік үштік одақ «Мектеп-оқушы-ата-ана» қамтылған салтанатты шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды.
- «Қазақстан Республикасының орта +білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хаты негізінде жаңа жобалар: «Театр және мектеп», «Өзін –өзі басқару», «Оқуға құштар мектеп» жобалары, «Қызғалдақ» қыздар, «ЖасСақ» жас сарбаз клубтары жыл бойы жетістіктерге толы қарқынмен жұмыстар жүргізді.
- Сынып жетекшілерінің білім жетілдірілуі;
Жас сынып жетекшілерімен «Үздік сынып жетекші-2023» байқауы өткізілді.

- Класс жетекшілердің портфолиоларының жинақталуы;
Тәрбие жұмысының кемшіліктері:
- Оқушылар қалалық, облыстық байқауларға, жобаларға жиі қатыстырылсын.
- «Сакралды Қазақстан» жобасы бойынша Қазақстанның киелі орындарына туристік – өлкетану экскурсиясын ұйымдастыру жұмыстары жолға қойылсын.
2023-2024 оқу жылының жаңа міндеттері:
- 2022-2023 оқу жылы енгізілген жобалардың жұмысын дамыту;
- «Отбасы және мектеп» жобасы аясында «Әкелер», «Аналар» мектебі арқылы ата – аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру;

Мектеп директоры

А.С.Назиков

**Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары**

А.А.Амантурлиева

«№37 орта мектебі» КММ

**2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие
жұмысының т а л д а у ы**